

# Ақсу өңірі



Газет 1934 жылғы  
1 қазаннан шығады

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

№7 (10 210)

16 ақпан

жұма

2024 жыл

aksuoniri@mail.ru



## I.ЖАНСҮГІРОВ:

Өз елі, өз ерлерін ескермесе,  
Ел мегі алсын қайдан

кемеңгерді.



## АУҒАННЫҢ ОТТЫ КҮНДЕРІ



Соғыс... халықтың басына келген қасірет, жұт. «Ауғанстан - жүректегі жара» демекші 15 ақпан 1989 жылы талай аналарды перзенттерден айырған, мыңдаған жерлес бауырларымыз қаза тапқан қасіретті де, қайғылы «Ауған соғысы» аяқталды. Жылдар өткенімен жауынгерлеріміздің өшпес ерлігі ел есінде сақталуда. Бүгінде біз бейбіт елдің жастары, еліміздің сол соғысқа қатысқан ұлдарын, Отан алдындағы борыштарын адал атқарған азаматтарымызды құрмет тұтуға міндеттіміз.

15 ақпанда Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылғанына тура 35 жыл толды. Атаулы күнге



байланысты аудан бойынша салтанатты шара ұйымдастырылды. Шара алдымен аудандық қорғаныс бөлімінің алдында орналасқан ауған даласында қаза тапқан төрт батырымыздың құрметіне қойылған ескерткіш тас алдына гүл шоқтарын қоюдан басталды. Қаза тапқан боздақтарды бір минут үнсіздікпен еске алып, гүл шоқтарын қойып, құран бағышталды. Әжелеріміз жеті нан таратты.

Аудандық «Қобызшы Молькбай» атындағы мәдениет үйінде «Ауғанның отты күндері» тақырыбында жалғасқан шара Ауғанның отты жылдары ерлік көрсеткен ауданның текті ұлдарына құрмет көрсетуден, соларға арналған естелік бейне роликті тамашалаумен басталды.

Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, зейнеткерлікке шыққанша әскери дайындық пәнінен тәлім беріп, жастарды патриоттық тәрбиеге баулыған

## "ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ" ЖОБАСЫ АЯСЫНДА СЕМИНАР БАСТАЛДЫ



Ағымдағы жылдың 5 ақпанында аудан орталығы I.Жансүгіров ауылындағы "Ақсу агротехникалық колледжінің" мәжіліс залында "Қарызсыз қоғам" жобасы аясында оқу басталды.

Аудан тұрғындарының қаржылық сауаттылығын арттырып, оқытуға арнайы Астана қаласынан Әйгерім Маратқызы келді.

Жобаны Мемлекет басшысының тапсырмасы негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі "AMANAT" партиясымен бірлесіп іске асыруда.

Оқыту 5 күнге жалғасады.

Жоба шеңберінде:  
- қаржы сарапшылары жеке кеңестер беретін болады;  
- қатысушылардың қалауы бойынша өз бизнесін ашу үшін мемлекеттік гранттық және кредиттік бағдарламаларға бизнес - жоспар жазуға бағыт-бағдар көрсетеді;  
- оқу барысында Сіз білікті заң көмегін ала аласыз, егер Сіздің шоттарыңыз бұғатталған болса, Сіздің қарызыңыз коллекторлық компанияға өткен болса, несиелік қарызды қайта құрылымдау және т.б. мәселелерге байланысты түсіндірме жұмысы жүргізіледі.

## "АРДАГЕРЛЕРДІ АРДАҚТАЙЫҚ!" ПАРТИЯЛЫҚ ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ҚАРТ КІСІЛЕРГЕ КӨМЕК



зейнеткер ұстаз Амангелді Айтбаев құттықтау сөз сөйледі. Аудандық қорғаныс істері бөлімі басшысының уақытша міндетін атқарушы, аға лейтенант Қуаныш Каримов та өз лебізін білдіріп, ауған ардагерлеріне 35 жылдық төсбелгісін тақты. Келесі кезекте «AMANAT» партиясы аудандық филиалының төрағасы Серікхан Жакупов партияның Алғыс хаттарын табыстады.

Шара соңы аудан өнерпаздарының мерекелік концертімен жалғасты.

Ербол СЫМХАНОВ.

БАСПАСӨЗ - 2024

## АКСУ ӨНІРІ

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ  
2024 ЖЫЛДЫҢ II ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық "Қазпошта" байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар.

"АКСУ ӨНІРІ" газетіне 1 жылдық жазылу бағасы - 4414 теңге, 80 тиын және жарты жылға 2207 теңге 40 тиын.

Газет индексі: 66750



ARDAGERLERDI  
ARDAQTAIYQ

Матай бастауыш партия ұйымының ұйымдастыруымен "Ардагерлерді ардақтайық!" партиялық жобасы аясында, үйде отырған қарт апаларымыздың денсаулығын БПҰ мүшелері және медицина қызметкерлерімен бірге

дәрігерлік кеңес беру арқылы медициналық тексеріс жасады. "Қарттарым - асыл қазынам" қарттарымыз аман болсын!

Жанель ЕСІЛҚЫЗЫ,  
«AMANAT» партиясы Ақсу аудандық филиалының консультанты.



БИЫЛ АҚЫН, ДРАМАТУРГ, ПРОЗАШЫ ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВТЫҢ ТУҒАНЫНА - 130 ЖЫЛ

# АҚЫН ТАҒЛЫМЫ

Ақын, драматург, прозашы Ілияс Жансүгіров 1894 жылы 14 мамыр күні Алматы облысы Ақсу ауданы Ойтоған ауылының маңында Кіндікқоңыр деген жерде дүниеге келген. Төрт жасында анасы дүниеден өтіп, бірыңғай әкесінің тәрбиесінде қалады. Туған анасының көз алдында қайтыс болуы, жастайынан анадан жетім қалуы ақын жүрігінде өмір бойы өшпес із қалдырады.

Ол жас кезінен ақ әкесінен оқып, хат таниды, етік тігеді, ұсталақ етеді, қоңыр әдемі даусымен ән салып, құйқылжыта домбыра тартады. Зерек те ұғымды бала, әкесі тәрзіді халықтың ән өнері мен сөз өнеріне сүйсініп, оларды жан – төнімен беріле зерттеп, зерделей бастайды. Жастық қиял, арман толқулары, ауыл көріністері, табиғат суреттері оның жүрегін қозғап, тіліне ұйқасты сөздер оралып, өлең шығара бастайды.

1920 жылы Ілияс Алматыға келіп, үш айлық мұғалімдер курсына бітіреді. Артынан Ташкенттегі Қазақ ағарту институтының жанындағы қысқа мерзімді курста бес - алты ай оқығаннан кейін, денсаулығының нашарлауына байланысты аулына қайтады.

Дауылды жылдардың тартысты тіршілігі жас мұғалімді өз толқынына тартады. Қазақ ағарту институтында, Жетісу облысының Қосшы комитетінде губерниялық оқу бөлімінде, «Тілші» газеті редакциясында қызмет істеу, экспедицияға шығып фольклор үгілерін жинау кешегі ауыл жігітін ширатып шыңдайды. Жас азаматтың қызметтен

өзге уақыты түгелдей кітап, газет - журнал оқуға, өз көкірегіндегі сырларды қағазға түсіруге жұмсалады. Алғашқы өлеңдері «Тілші», «Кедей еркі», «Лениншіл жас» газеттерінде, «Жаңа мектеп», «Әйел теңдігі» журналдарында жарияланады. 1927 жылы «Беташар» атты үгіт өлеңі жарық көреді.

1927 - 1937 жылдар арасында поэзия, проза, драматургия, сын, аударма салаларында артына аса бай әдеби мұра қалдырады. Оның лирикалық шығармалары, «Дала», «Күй», «Күйші», «Құлагер» поэмалары, «Жолдастар» романы, «Кек», «Турксиб», «Исатай-Махамбет» пьесалары қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған өлмес туындылар. Аз уақытта осынша шығарма берген қалам қайраты, талант табандылығы ғажап.

1928 жылы журналистика институтын бітіріп, елге оралған Ілияс Жансүгіров «Еңбекші қазақ» газеті редакциясында қызмет істеп, қазақ баспасөзінің қалыптасуына көп үлес қосты. Аршынды қаламгер, үлкен мәдениет қайраткері Ілияс Жансүгіров 1934 - 1935 жылдарда Қазақстан көркем әдебиет баспасында поэзия бөлімін басқарады, ССРО Жазушыларының I съезінде сөз сөйледі, республиканың әлеуметтік өміріне белсені араласады. Жазушының М.Горькиймен шығармашылық байланысы, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезовпен достығы оның

қаламгерлік жолында терең із қалдырған.

Ілияс Жансүгіров — қазақ әдебиетінің барлық жанрларында қалам тартып, елеулі туындылар берген әлмебап дарын. Әсіресе ол өзінің аса қуатты суреткерлік талантын поэзия жанрында көрсетіп, айнал қазақ әдебиетінің дақтарына айналған туындылар берді. Оны әсемдік әлеміне жетелеген Жетісу табиғаты мен өзінің туып – өскен жерінің сұлулығы. Сұлулыққа тәнті болып, құштарланып, іңкәрлік сезімге бөленіп туған жері туралы сан қилы өлеңдер жазған. Олар «Жетісу суреттері», «Жалпы сын», «Тау суреті», «Жетісудағы су суреті», «Жетісу жәндігі» деген бес бөлімнен тұратын көлемді туындылар ақынның ең айшықты шығармалары.

Сілеусін, ілбіс, аю, бұғы, бұлал. Кәдімгі қасқыр серек, қарақұлақ, Шуылдайды шүйебөрі үй артынан. Кәдімгі қарсақ, сусар, бұлғын, жанат, Сол таудың іздейді аңды ту сыртынан. Таутеке, арқар, құлжа, қарақұйрық, Көруге болад бәрін жайылымнан, - деп келетін «Жетісу суретінде» 52 тіршілік иелерін атап өтеді. Қаншама аңдарды, жыртықш құстарды және ұмыт болып бара жатқан ағаш – шөптердің атауларын өлеңде ерекше суреттеген. Бұл шығармалар асқан шеберлікпен жазылған, қазақ поэзиясындағы қайталанбас ерекше поэзиялық мұра.

Құлагер ақын туралы жазғанда, ақынның «Құлагер» поэмасына тоқталмай кету мүмкін емес. «Құлагер» поэмасы ақынның ән – күй туралы шығармаларының соңғысы және ең зәулім де сәулеттісі. Бұл ерен жүйріктің өресі ұзақ поэмасы болып шыққан туынды. Туындыға өзек болған оқиға Арқаның ардагер әнші ақыны, композитор Ақан серінің өміріндегі үлкен қайғылы жағдай. Сері астындағы жалғыз аты Құлагерді Ерейменді Сағынайдың асына апарып, бәйгеге қосады. Асқа жиналған жұрттың көзі Құлагерге түседі. Поэмада Күреңбай сыншының сөзімен берілген Құлгердің сипатын Абайдан кейінгі теңдесі жоқ классикалық сипат деп білу керек. Өкінішке орай халықтың ардақты Ақан серісінің таңдай қақтырған жан серігі Құлагері қандықол қарақшының қолынан мерт болады. Туындыдағы ұмытылмас сұлу картиналар, айқын әдемі бейнелер, құнарлы бай тіл, романтикалық леп Ілияс Жансүгіровтің шығармашылығының биік шыңы болып табылады.

І.Жансүгіровтің шығармашылығы бастан – аяқ қазақ халық әдебиеті мен халық тілінен нәр алған шығармашылық. Оның поэзиясының ерекше күші, әсерлілігі мен әуезділігінде.

Ілияс поэзиясы — ойға — қанат, сезімге нәр беретін, ешқашан ескірмейтін, мәңгі жас поэзия.

**А.САПАРОВА,**  
Ақын Сараның мемориалды музейінің қор сақтаушысы.

## АЯУЛЫ АБЫРОЙЛЫ АНА - ТІЛІМ



Әр халықтың өзінің ана тілі бар. Тіл жеке адам ойлап тапқан, туынды емес, ол барша ұлтқа ортақ, соның төл перзенті. Тіл – қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің негізі, қатынас құралы. Тіл арқылы біз оқып, білім аламыз. Тіл арқылы даналар сөзін оқып білеміз, одан ғибрат аламыз. «Өнер алды – қызыл тіл», - деген осыдан шыққан болар.

Тіл халықпен бірге жасайды, дамиды, өркендейді. Халқымыздың аса бай рухани қазынасы – туған ана тіліміз. Ол – Қазақ тілі. Қазақ тілі өзінің даласындай бай. Тіл құдіреті – ерекше. Оның бітпесті бітіретін, жетпесті жеткізетін, үзілгенді жалғайтын мүмкіндігі бар. Бір ауыз сөз омық жегізіп, өмір бойы өзегінде өртесе, бір ауыз орынды айтылған сөз жадында жатталып, бақытқа жеткізеді.

Адамзат мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі. Тіл – атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра екені анық.

Балалар кітапханасы жас ұрпаққа ана тілін дәріптеу барысында әртүрлі бағытта шаралар өткізілуде. Ана тіліміз мәңгі жасайтыны, оған деген құрметтің күн санап артып келе жатқаны жас ұрпақ тәрбиесінде үнемі көрініс таба береді. Бұдан тіліміздің қадірі артып, балалар оны қастерлеп, болашаққа тұғыр етіп, сарқылмайтын бұлақтай сақтай білетіні сөзсіз.

**Г.ЖИЕНБАЕВА,**  
аудандық балалар кітапханасының кітапханашысы.

## МӘМС арқылы қандай медициналық көмекті тегін алуға болады?



МӘМС жүйесінде сақтандырылған адамдар міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру ұсынатын медициналық көмектің кеңейтілген спектріне ие болады. МӘМС келесі медициналық қызметтерді қамтиды:

- профилактикалық медициналық тексерулер;
- учаскелік дәрігердің нұсқауы бойынша арнайы маманданған дәрігердің қабылдауы және кеңес беруі;
- созылмалы дертке шалдыққан жандардың бейінді мамандардың бақылауында болуы;
- уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша халықтың жекелеген санаттарына шұғыл және жоспарлы нысанда стоматологиялық көмек көрсетуі;
- халықтың белгілі бір категориясына шұғыл және жоспарлы түрде стоматологиялық көмек көрсетуі;

- диагностикалық қызметтер, оның ішінде лабораториялық диагностика (УЗИ, рентген, КТ, МРТ);
  - мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялы, стационарлық медициналық көмек;
  - медициналық оңалту;
  - стационарда мамандандырылған медициналық көмек көрсету кезінде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету.
- «Сақтандырылған» мәртебеңіз бола тұра, емханада медициналық көмекке жүгіну кезінде қиындықтар туындаса бірден пациенттерді қолдау қызметіне (әрбір емханада бар) немесе Қордың ресми байланыс арналары арқылы өтініш қалдыра аласыз: колл-орталық 1414, Qoldau 24/7 мобильдік қосымшасы, Қор филиалы + 7 7282 55 90 06, 55 90 07, 55 90 13.

## ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ, АҚСУ АУДАНЫ, АРАСАН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІН САЙЛАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ЖӘНЕ САЙЛАНҒАН ӘКІМДІ ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

2024 жылы 11 ақпанда Арасан сайлау округі бойынша Ақсу ауданының Арасан ауылдық округі әкімінің сайлауы өтті.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 44-бабының 2-тармағына, 45-бабына, 113-10-бабына сәйкес, Арасан ауылдық округі әкімін сайлау нәтижелері туралы учаскелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде сайлау нәтижелерін анықтады:

Арасан ауылдық округі бойынша сайлаушылар тізіміне 878 сайлаушы енгізілді, оның 580-і, немесе 66,4% дауыс берді, жарамсыз бюллетеньдердің саны - 19, «бәріне қарсы» деген жолда - 2.

Әкімдікке кандидаттар саны 3 адам, 3-і өзін-өзі ұсыну жолымен ұсынылды.

Әр үміткерге берілген дауыстар саны:

Жанболат А.Қ. – 213 (38,1%), Кабилов Р.З. – 345 (61,7%), Сериков У.С. – 1 (0,2%).

Арасан ауылдық округінің сайланған әкімі Кабилов Рамиль Зарифович, 1988 ж.т., «Жунар» шаруа қожалығының басшысы, Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Арасан ауылдық округі, Арасан ауылында тұрады, өзін - өзі ұсыну жолымен.

Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 113-11 - бабының 1 тармағына сәйкес 2024 жылғы 11 ақпанда сайланған Ақсу ауданының Арасан ауылдық округінің әкімін 2024 жылғы 12 ақпандағы шешімімен тіркеді.

**АҚСУ АУДАНЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ.**

## СООБЩЕНИЕ ОБ ИТОГАХ ВЫБОРОВ И РЕГИСТРАЦИИ АКИМА АРАСАНСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА АКСУСКОГО РАЙОНА ОБЛАСТИ ЖЕТЫСУ

11 февраля 2024 года состоялись выборы акима Арасанского сельского округа Аксуского района.

Аксуская районная избирательная комиссия в соответствии с подпунктом 9) статьи 14, пунктом 2 статьи 44, статьей 45, статьей 113-10 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан», на основании протоколов участковых избирательных комиссий о результатах выборов акима Арасанского сельского округа Аксуского района установила итоги выборов:

В список избирателей по Арасанскому избирательному округу включено 873 избирателя, из них проголосовали 580, или 66,4%. Число бюллетеней недействительных – 19, с отметкой в строке «Против всех» - 2.

Число голосов, поданных за каждого кандидата:

Жанболат А.Қ. – 213 (38,1%), Кабилов Р.З. – 345 (61,7%), Сериков У.С. – 1 (0,2%).

Актом Арасанского сельского округа избрана Кабилов Рамиль Зарифович 1988 года рождения, глава крестьянского хозяйства «Жунар», проживает в селе Арасан Арасанского сельского округа Аксуского района области Жетысу, выдвинут путем самовыдвижения.

В соответствии с пунктом 1 статьи 113-11 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан», решением Аксуской районной территориальной избирательной комиссии от 12 февраля 2024 года зарегистрирован аким Арасанского сельского округа Аксуского района, избранный 11 февраля 2024 года.

**АКСУСКАЯ РАЙОННАЯ ТЕРРИТОРИАЛЬНАЯ ИЗБИРАТЕЛЬНАЯ КОМИССИЯ.**



# ПРЕЗИДЕНТ ҮКІМЕТТІҢ ЖАҢА ҚҰРАМЫНА ҚАНДАЙ МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕДІ?

**БІРІНШІ**

**БЮДЖЕТ ЖӘНЕ САЛЫҚ САЯСАТЫ**

Қарым-Жомарт Тоқаевтің айтуынша, бюджет және салық саясатының тиімділігін барынша арттыру қажет. Бұл – Үкіметтің алдында тұрған басты міндет болып, сондай-ақ Президент өзі мәселені шешу арқылы мемлекет пен бизнес арасында жаңа қоғамдық шарт жасалып, ұлттық зорлықты одан бөлудің парасаты жолы қалыптасатынын атап өтті.

РТРК.KZ



**ЕКІНШІ**

**ЖАҢА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КЕЗЕҢ**

Президент негізгі капиталға салынған инвестицияның ішкі жалпы өнімге шаққандағы үлесі азайып бара жатқанына назар аударып, экономикаға жеткілікті қаржы алынбай келіп отыр деді. Сондықтан ішкі және сыртқы инвестицияны аяқталдықтай көбейту қорек екенін айтты.

РТРК.KZ

**ҮШІНШІ**

**МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ ЖҮЙЕСІ**

Мемлекеттік сатып алу, мемлекет пен жекеменшік серіктестігі, құрылыс саласын реттеу жүйесін реформалау қажеттігі де айтылды. Мемлекет басшысы бұл жұмыс инвестиция тарту және бюджет қаражатын тиімді пайдалану ісінде реформалармен біріншік үйлесіп, оны толықтыра түсуге тиіс деді.

РТРК.KZ

**ТӨРТІНШІ**

**ЭКОНОМИКАНЫ КЕШЕНДІ ТҮРДЕ ЫРЫҚТАНДЫРУ**

Президенттің сөзінше экономиканы кешенді түрде ырықтандыру үшін жүйелі шараларды қабылдау тағы бір маңызды міндет ретінде айқындалды. Бұл – мемлекеттің экономикалық үдерістерге тиім қол аралауынан бөртіндеп бар тартуға мүмкіндік беретін ете маңызды реформа.

РТРК.KZ

**БЕСІНШІ**

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨНДІРІСТІҢ ДАМУЫ**

Мемлекет Басшысы Үкіметке өнімдегі өндірістің дамуына тың серпін беруді тапсырды. Яғни болашақта елдің экономикалық өркендеуіне негіз болатын ауқымды әрі инновациялық жобаларды бірінші кезекте мемлекет тарапынан қолдау қажет.

РТРК.KZ

**АЛТЫНШЫ**

**АГРОБИЗНЕС КЕШЕНІ ЖӘНЕ СУ РЕСУРСТАРЫН ҮНЕМДІ ПАЙДАЛАНУ**

Президенттің айтуынша, Үкімет агробиизнес кешенінің инновациялық бағытымен ауыл шаруашылығы өнімін өндiру ісiне көшiле айрықша көңiл бөлгенi жөн. Сондай-ақ Мемлекет басшысы су үнемдейтiн технологияларды кеңiнен қолданысқа енгiзудiң маңызына тоқталып, сумен өл бөлеп суды үнемдеп пайдалану мәселесiн қалыптастыруыңыз керек дедi.

РТРК.KZ

**ЖЕТІНШІ**

**КОМУНАЛДЫҚ-ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ СЕКТОРДЫ ЖАҢҒЫРТУ**

Қарым-Жомарт Тоқаев коммуналдық-энергетикалық секторды жаңғырту жұмысын жеделдетуді тапсырды. Оның айтуынша, Үкімет Билд апатты жағдайдағы 12 жыл орташа мерзімді жаңғырту жұмысын оқшау тиіс. Сонымен қатар қуаты 700 мегаватттан асатын қосымша қуат қозғалып келетін қамтамасыз ету міндеті тұр.

РТРК.KZ

**СЕГІЗІНШІ**

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ ӨЛЕУЕТІ**

Президент елдің көлік-логистикалық әлеуетін арттыру үшін белсенді жұмысты жандандыру қажет екенін атап өтті. Бұл міндетті орындауда Қазақстанды Еуразияның төртіншісінің көлік-логистикалық және транзиттік хабына айналдыруға басымдық беру керек.

РТРК.KZ

**ТОҒЫЗЫНШЫ**

**ЦИФРАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ**

Мемлекет Басшысы Үкіметке экономиканы цифрландыру жұмысын жалғастыру мен жасанды интеллект технологиясын кеңінен қолдану мәселесіне басымдық беруді тапсырды. Сондай-ақ, өлім құатты сүгерікәсіптерді құруға кіріскенін елмiндi. Бұл қадам қауқымдi деректердi кеңiнен қолдануға тың серпiн беретiнiне сенiм бiлдiрдi.

РТРК.KZ

**ОНЫНШЫ**

**ӘЛЕУМЕТТІК САЛА**

Президент өлімді барлық адамға бірдей жағдай жасап, ішкі кешенде мемлекет мұқтаж адамдарға жәрдем беру – әлеуметтік мемлекеттің басты міндеті екенін айтты. Сондықтан қазір мемлекет бюджетінің жартысынан көбі әлеуметтік салаға бағытталып келіп отыр.

РТРК.KZ



*Жыр атасы Илияс,  
130 жыл! Ұлы жас*



Жыр атасы Илияс,  
130 жыл! Ұлы жас.  
Жазғаныңды оқысақ,  
Жаның қалай жылымас.

Жыр атасы Илияс,  
130 жыл! Ұлы жас.  
Мен де Сіздей боламын -  
Болашақта білім ап.

Жыр атасы Илияс,  
130 жыл! Ұлы жас.  
Ақын болғым келеді,  
Өнерімнің гүлін аш.

Жыр атасы Илияс,  
130 жыл! Ұлы жас.  
Өлеңіңнің өнерін,  
Ізбасарың қызыңа аш.

Жыр атасы Илияс,  
130 жыл! Ұлы жас.  
Сізді елің ұмытпас,  
Өтсе де өмір зымырап.

Жыр атасы Илияс,  
Ақындықтың сырын аш,  
Өнерінді жалғайын,  
Ары қарай іліп ап.

**Қанатбек Мархабат  
ҒАЛЫМЖАНҚЫЗЫ.**  
Ю.Гагарин атындағы орта мектебі  
коммуналдық мемлекеттік  
мекемесінің 4-сынып оқушысы.

Екеуі 2 ұл, 1 қызды тәрбиелеп өсірді. Тұңғышы Керімбектің – 1 ұл, 1 қызы бар – Қарақат, Илияс. Қызы Марал да анасы сияқты 2 ұл, 1 қызды өмірге әкелген. Олар – Ерлан, Ажар, Мұстафа. Кенжесі Айбектің Абдурахман деген 1 ұлы бар. Осы үш баласынан 6 немере сүйген ата – мен әжелер.

Үлкен ұлы Керімбек – Талдықорған қаласында жеке кәсіпкер болса, кенжесі Айбек – Талдықорған қаласында Заң колледжін бітіріп, сол Заң колледжінде жұмыста. Ал, қызы Марал – Алтынарық ауылында.

Иә, достық – адамдардың бір - біріне адал, қалтықсыз сеніп, бір мүдделі, ортақ көзқараста болатын қасиет. Достық өзара жауапкершілік пен қамқорлықтың, рухани жақындықтың белгісі.

Сенім мен жарқын көңіл – достықты берік ететін тірек саналады. Өзі шынайы дос бола білген адамның достары да көп болады. Ендеше, досымызға төмендегі өлең жолдарын арнап, әңгімемізді аяқтайық.

**МАРЛАН ДОСЫМА**

Бірге өстік бір ауылда бала жастан,  
Өтті күндер көгал қуып, дала қашқан,  
Ата - баба салып берген ізбен жүрдік,  
Құрмет қылып қарт қария дана басқан.

Атқан оқтай зуылдап өтті күнің,  
Жалындаған жастық шақ, отты күнің,  
Өне - міне дегенше Марлан бауыр,  
Алпыс бесің аттай шауып жетті бүгін.


Өлшеулі өмір адамға уақыт берген,  
Азаматсың Алла өзі абырой,  
бақыт берген.  
Еркелетіп жасыңнан, әнші қайным,  
Деп атайтын өзіңді Бақыт жеңең.

Менде сені бауырым, досым деймін,  
Не жесем де, өзіңді тосып жеймін.  
Бала-шаған, жан жарың аман болсын,  
Отбасыңда бақ - береке болсын  
деймін.

Келер бір күн тоқсаның, жүзіңіз де,  
Торлап әжім айқындар жүзіңізге,  
Араласып жүрейік дәл осылай,  
Сызат түспесін Сіз бенен бізімізге.  
Иә, досым, алдағы өмірде де  
абыройың артып, еңбегің жана берсін!  
Ұл - қыздарыңның, туған - туыс, дос -  
жарандарыңның ортасында сыйлы бо-  
лып, бақытты ғұмыр кеше бер!

Азаматтар арасының ең мөлдір көзі  
– достық болса, адал достығымыз  
жаныңды шаршатпайтын нәр болсын.

Туған күніңмен жан досым!  
**Зор құрметпен достары атынан:  
бауырың Талғат ҚҰТЫМОВ.**



*Алғыс арқалаған азамат*

– Адал достық – өмірлік нұсқа болады, адал достықтың өрісі қысқа болады, – депті.

Қалай десек те, достыққа берік, досы көп жандар да бар. Ұзақ достық қалай басталады дегенге келер болсақ, ол бала кезден басталады десек қателеспейміз. Ескі доспен кездескен кезіңізде, есіңіз шығып қуанатыныңызды еске түсіріп көріңіз. Расында, ескі достар, сол бала кезде бірге ойнап, бір күлген бал күндердегі жолдасыңыз. Онымен қанша уақыт өтсе де сағынысып кездескенде еске алар естеліктердің өзі бала күнге қайта жетелейді. Досымыздың ата – анасы ол кезде ауданның батыр шопаны болған. Мал көп болған соң досымызда асық көп, бірақ ол асық ойнауға аса көп қызықпайды. Жиналған асықтарын бізге, достарына бере салатын. Асықты мен жақсы ойнайтынмын. Ауылымыз шағын ауыл болғандықтан бізбен үлкен жігіттер де ойнайтын. Менің тоқты қошқардың асығынан, сары түске боялған, алшылдауық «Алтын сақам» болатын. Сол үшін үлкендермен жұдырықтасуға тура келді. Осы кезде бокспен шұғылданатын, денесі мығым осы досым мен үшін тұрса, ол кезде қазіргідей ұялы телефон жоқ. Қыздармен үш бұрыш хат арқылы сөйлесетінбіз. Арамызда хатты жеткізіп, алып келетін поштабай досымыз да бар. Қали досымызға келген хатты жолдан тартып алып, дауыстап, айқайлап оқып берген балалық бұзықтығы да болатын. Бірақ достармен ешқашан төбелеспеген, досты сыйлай білетін адал дос бол-

ды. Міне, барлығымызға өмірлік нұсқа болған адал досымыз Мұхамәдиев Марлан Нұрмұханұлы 65 жасқа толып отыр. Досымыз, қатарласымыз 1959 жылы 13 ақпанда Қаракемер ауылында дүниеге келді. 1965 жылы бүгінгі зейнеткерлер, кешегі балалар бірге 1-ші сыныпқа мектеп табалдырығын аттап – 1976 жылы 10 сыныпты бітіріп шықтық.

Өркім арман қуып, әр түрлі оқуға түсіп, әр түрлі маман иесі болып оралдық. Досымыз Марлан 1977 жылдан бастап, былтырғы жылы зейнеткерлікке шыққанша осы уақытқа дейін құрылыс саласында қызмет жасап келді.

Совхоз кезінен бастап мектептер, мал шаруашылығындағы баздар, ауылдағы Совхоз үйлеріне күрделі және ағымды жөндеу жұмыстарын жүргізді. 2007 жылы аудан орталығында бригадасымен «Мамания» көшесіндегі жеті тұрғын үйлерді салуға атсалысты. 2009 жылы Ақсу ауылында емхана (ФАП) ғимаратын салып пайдалануға өткізді. 2011 жылы «Қызылағаш» ауылында «Жастар» көшесінде бес үй салуға атсалысты. «Ай-Жұлдыз» балабақшасын, «Өуезов» көшесіндегі 3 қабатты үйлерді, Жансүгіров ауылының күншығысындағы салынып жатқан шағын ауданға 30 тұрғын үй салды.

Осы уақытқа дейін әлі де күрделі құрылыс жұмыстарымен айналысуда. Еңбектерін айта берсек бітпейді. Ақсу ауданына көп еңбегі сіңген азамат.

Жастай қосылған жұбайы Сарсекова Айжан – зейнеткер, ауыл шаруашылығы саласында еңбегі сіңген тұлға.

**101 ХАБАРЛАЙДЫ!**

Өрт – тілсіз жау. Оның салдарынан түрлі қайғылы жағдайлар орын алууда. Әсіресе, жылыту маусымында жеке тұрғын үй секторларында қатты отынмен жағылатын пештерді және электр жылытқыштарды қолдану кезінде өрт қауіпсіздік ережелерін сақтау аса маңызды. Пешті орнату және пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуына баса назар аудару қажет. Өрттердің жиі шығу себептері пештің қатты қызуынан, қаланған кірпіштерде жарықтардың пайда болуынан, от тұтандыру үшін жанғыш және тез тұтанатын сұйықтықтарды пайдалану нәтижесінен, пеш ауызынан шоқтардың түсіп қалуынан орын алады. Пешпен жылытуда қауіпсіз және ұзақ пайдалану үшін, келесі талаптарды есте сақтаған жөн: пеш және басқа да жылыту құрылғылары тұтанғыш заттардан алысырақ орналастыруы тиіс, сондай-ақ, пеш алдындағы еденге, көлемі 0,5x0,7м қаңылтыр оралуы қажет. Жанып тұрған пешті бақылаусыз қалдырғаннан жиі өрттер болады. Қатты аяздарда пешті ұзақ пайдалану, оның жекелеген бөліктерінің қатты қызып кетуіне әкеп соқтырады. Егер осы қатты қызып кеткен бөліктері ағаш қабырғалар немесе жиһаздарға тиіп тұрса, өрттен қашып құтылу мүмкін емес. Сондықтан пешті күніне 2-3 рет, 1-1,5 сағаттан гана жағу ұсынылады. Пешке жақын және тікелей оның үстінде, тұтанғыш мүліктер мен материалдарды сақтауға, киім кептіруге болмайды. Жылыту маусымы алдында, пештерді және

*Жылыту маусымындағы өрт қауіпсіздігінің ережелерін сақтау*

түтін тарту жолдары жағдайының дұрыстығын тексеріп, ыстан тазалап, жарықтары болса, құм-саз сылағын жүргізіп, түтін мұржаларын әктеген жөн. Бөлме пештерінің түтін жолдарына жиналатын күйелерді, үш ай сайын тазалап тұрған жөн. Температураның төмендеуіне байланысты, электржылытқыш құрылғыларын қосу көбейе бастайды, тиісінше электр желісіне күш түседі. Жиі пайдалану салдарынан

табиғи ескіруден, жоғары қуатта қолданылған электр желісінің қысқа тұйықталуы, өрттің шығуына әкелуі мүмкін. Сондықтан да өзіміздің және жақындарымыздың қауіпсіздігі үшін барлық талаптарды сақтау қажеттісіз. Ең бастысы балаларды қараусыз қалдырмауларыңызды, қауіпсіздік ережелерін үнемі олардың естеріне салуларыңызды, төтенше жағдай орын алған кезде «101», «112» шұғыл қызметтердің телефон нөмірлерін жаттатуларыңызды сұранамыз. Қателіктер қайталанып, өкініштен бармақ тістемейік десе, өрт қауіпсіздігі ережелерін бұлжытпай орындауға ықыласты болғанымыз жөн.

**АВТОКӨЛІКТЕГІ ӨРТТІҢ АЛДЫН АЛУ**



Өрттің алдын алуға - өрт туындауының алдын алуға және өрт салдары өлшемдерін азайтуға бағытталған шаралар кешені. Автокөліктердің өртенуі көбіне оның тоқтап тұрғанына немесе қозғалыста келе жатқанына қарамастан аяқ астынан болатын жағдай. егер көлік жанып бастағанда өрт қауіпсіздігін дұрыс қадағаламаған жағдайда көліктің толық өртеніп кетуі ықтимал. Көбіне, автокөліктердің өртену себептері уақытында техникалық байқаудан өтпеген жағдайда, көліктің техникалық жағдайына немқұрайлы салғырт қарағандықтан, жөндеу кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтамағандықтан орын алып жатады. Ал, көптеген жағдайда автокөліктердің өртенуі себептерінің бірі көліктерді қаса қана өртеу, тоқ желісіндегі қысқа тұйысу, салон ішінде темекі тарту, ұқыпсыз жүргізілген дәнекерлеу жұмыстары болып табылады. Автокөліктегі өртті өршіте түсетін себептердің бірі автокөліктің жүксалғышындағы газ баллон, жанар жағар май тиген киім кешектер мен майлықтар және тағы басқа жануға бейім заттар болып табылады. Құрметті автокөлік иелері, автокөліктеріңіз өртене қалған жағдайда бірден 101 немесе 112

телефон нөмірлеріне қоңырау шалыңыздар, содан кейін ғана өз күшіңізбен өрт сөндіріп құралдың көмегімен өртті сөндіріп көруіңізге болады. Өрт сөндіргіш құрал кез - келген

жүргізушінің көлігінде болуға міндетті. Өрт сөндіргіш құралды пайдаланған кезде де оның түсініктемесін мұқият оқып барып пайдалану керек. Өрт сөндіргіш құралды арнайы орындардан сатып алып, оның жарамдылық мерзіміне де көңіл бөлу керек. Автокөлік өртенген кездегі тұрғындардың іс-әрекеті: - егер капоттың астында қозғалтқыш жанса қақпақты ұзын таяқтың немесе мантировканың көмегімен ашыңыз, себебі, іштегі өрт қақпақ ашылған тұста сыртқа шарпуы өбден мүмкін. Ашқаннан кейін өрт сөндіргіш құрал арқылы ең бірінші өрттің қатты жанып жатқан жерін сөндіруге тырысу керек. - егер киіміңіздің жеңі немесе үстіңіз жанар жағар май тиген болса өртті сөндірмеңіз, себебі бұл сіздің өміріңізге қауіпті! Өтіп бара жатқан адамдардың көмегімен өртеніп жатқан көліктің маңындағы басқа көліктерді алып тастауға тырысыңыз, себебі, өрт басқа көлікке де өршіп түсуі өбден ықтимал; - егер автокөлік ішінде адам қапып қойса онда шыныны қатты затпен сындырып бірінші кезекте адамды тысқа шығаруға тырысыңыз. Шығарғаннан кейін алғашқы медициналық жәрдем көрсетуді ұмытпаңыз.

**Талғат ЗЕЙНОЛДАНОВ,  
Ақсу ауданының ТЖБ бас маманы,  
азаматтық қорғау майоры.**



# АБАЙЛАҢЫЗ ИНТЕРНЕТ



Жетісу облысы бойынша жыл басына бері 26 интернет алаяқтық фактілері тіркелді, бұл республика аумағында 2871 тіркелген алаяқтықтың жалпы санының 0,91 % құрайды.

26 интернет алаяқтық фактілері өңірлер бөлінісінде: Талдықорған қаласы-17, Алакөл – 5, Ескелді – 2, Панфилов – 1, Сарқан - 1. Көбінде бұл қылмыстың түрі ұялы телефондарды қолдану арқылы жасалады.

Алаяқтар банктік ақпаратқа қол жеткізу үшін азаматтардың қажетті жеке мәліметтерін алудың түрлі тәсілдерін қолданады: жоғары лауазымды полиция қызметкерлері WhatsApp мессенджеріне алдын ала қолдан жасалған, растайтын құжаттарды тастай отырып ұсынады: елтаңбалы мөрмен расталған қызметтік куәліктерді, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы түрлі банктердің қаржы бөлімдерінің қызметкерлері ұсынады.

Мысалы, Талдықорған қалалық полиция басқармасымен аз. Б. арызы бойынша тергеп-тексеру жүргізілуде, іс құжаттарына сәйкес белгісіз тұлғалар оның атынан онлайн несие алып, алған қаражатты жымқырған.

Көбінде Сізге несие рәсімделгені туралы жаңылыстырады және олар банк картасы бойынша мәліметтерді, карточка нөмірін, банк картасының артқы жағында орналасқан CV кодын хабарлауды сұрайды.

Көбінде алаяқтар WhatsApp мессенджеріне қонырауларды пайдаланады, өткені WhatsApp қонырауларды бақылау қиын, өйткені, бұл адамдар ел ішінде де, одан тыс жерлерде де болуы мүмкін.

Интернет - алаяқтық «Колеса», «Крыша», «OLX» интернет-сайтынан пайдалану арқылы да жасалады.

Әлеуметтік желілер арқылы: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте», арқылы мүлкіті сату туралы хабарландыруды жариялау кезінде. Сонымен қатар, алаяқтар көбінесе қымбат заттардың өте төмен құнын пайдаланады, осылайша сатып алушыларды тартады.

Қазіргі уақытта қылмыстың осы түрін жандандыруға байланысты ішкі істер органдары қылмыстың осы түрін жасауға жол бермеуге бағытталған шаралар қабылдауда. ИІМ қылмыскерлердің алаяқтық әрекеттері туралы ескерту сипатындағы SMS хабарламалар жібере басталды.

Республиканың ішкі істер органдары азаматтарды сақ болуға және негізгі сақтық шараларын ұстануға шақырады.

ИІМ негізгі ұсынымдары:

1. Ешқандай жағдайда банктер немесе құқық қорғау органдары қызметкерлерінің несие беру, мүлкіті сату және ақшасын қауіпсіз шоттарға аудару немесе несие беру туралы телефон нұсқауларын орындамаңыз. Құқық қорғау органдары телефон арқылы арнайы операциялар жүргізбейді.
2. Өзінің дербес деректерін, пластикалық карталардың деректемелерін ешкімге хабарламау, аударымдар туралы түбіртектерді, тіпті банк, полиция қызметкерлері болып табылатын тұлғаларға кодтар мен кодтық сөздерді және т.б. бермеуді талап етпеңіз.
3. Жеке деректерді белгісіз және тексерілмеген сайттарға және басқа көздерге бермеңіз. Тексерусіз алдын ала төлем жүргізбеңіз. Тауарды алғаннан кейін төлем туралы келісуге тырысыңыз. Мұндай қызметтер, мысалы Қазпоштамен көрсетіледі.
4. Күмәнді мәмілелер бойынша аударымдарды жүзеге асырмаңыз, ашық кіріс көзінсіз қаржылық схемалардан сақ болыңыз.
5. Қолданбаларды орнату үшін тек ресми App Store, Play Market және т.б. пайдаланыңыз.
6. Өтпеуге сілтемелер бойынша жіберуді, мысалы жалған төлемдер жасалғандай болып көрсетілуі мүмкін, жеке тұлғалар төлем жасау үшін жеке ұялы телефондағы бағдарламалардың СПАМ-сілтемесі жеке терезесі арқылы белгісіз тұлғалардан хабарлама ретінде келу мүмкін.
7. Банкинг қызметтеріне қолжетімділік құпия сөздерін үнемі ауыстырып отыруды, яғни 3D қорғауды және банктер ұсынатын басқа да, қауіпсіздік шараларын пайдаланып отыруды.
8. Негізінде тұлғаларға өздерінің шоттарындағы ақша қозғалысын жиі тексеріп отыруды ескертеміз.

**Алмас НҰРТІЛЕУ,**  
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру аға прокуроры.

## Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап ететін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз етеді

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік 9 түрі қызметтері алдағы уақытта көрсетіліп жүрген болатын, қазіргі кезде мәлімет және жұмыста пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру», «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру», «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін «Е-қызмет» персоналды басқарудың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы алу мүмкіндігі іске толығымен асқандығын хабарлайды.

Атап айтқанда, осы бағытта Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап ететін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз ете отырып, яғни өткен жылдың қазан айында және ағымдағы жылдың сәуір айында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) мемлекеттік органдардың ұсынған ұсыныстары және анықтамалардың күшін жою бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар негізінде өзгерістер енгізілді, 9 мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде алынып тасталды, мысалы мына төмендегі көрсетілгендей:

- Тұлғаның өкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша мәліметтер беру (404 629 жыл бойы қағаз айналымдар);
- Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының (инвестициялық кірістерін ескере отырып) жай-күйі туралы ақпарат беру (жылына 1 млн.-нан астам анықтама);
- Жалғыз тұрғын үйі авариялық деп танылған азаматтарға анықтама беру (жылына 44 анықтама);
- Жылжымайтын мүлкітің меншік иесі (құқық иеленушісі) туралы мәліметтерді қамтитын техникалық паспортқа қосымша беру (жылына 307 224 анықтама);
- «Занды тұлғалар» мемлекеттік деректер қорынан анықтама беру (жылына 3 288 055 анықтама);
- Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және тоқтатылған құқықтар туралы анықтамалар беру (жылына 40 856 анықтама);
- Жылжымалы мүлік көпірін тіркеу тізілімінен үзінді-көшірме беру (жылына 106 079 анықтама);
- Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімдерінен, тауар шығарылған жерлердің атауларынан үзінді көшірме беру (жылына 192 анықтама);
- Азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы анықтамалар беру (жылына 78 339 анықтама).

Жоғарыда көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде 9 мемлекеттік қызмет көрсету анықтамаларды алып тастағандан кейін мұндай ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің әртүрлі тәсілдері бар, мысалы:

- 1) мекенжай анықтамасы дербес деректердің болуын ескере отырып, үшінші тұлғалар арналған сервис арқылы беріледі ([https://egov.kz/cms/ru/services/pass\\_sr11](https://egov.kz/cms/ru/services/pass_sr11));
- 2) есепке алынуы Мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді ақпараттық ресурста қолжетімді ету болып табылады [kgd.gov.kz](https://kgd.gov.kz/) (<https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarrear-search-web>);
- 3) азаматтың жеке өзіне қажетті кейбір мәліметтер оның «Электрондық үкімет» порталының жеке кабинетінде қосымша көрсетіледі;
- 4) мемлекеттік органдар үшін интеграциялық өзара іс-қимыл;
- 5) «Электрондық үкімет» порталында жалпыға қолжетімді нысанда жүзеге асырылады.

Осыған орай, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы артық қағаз айналымын болдырмау мақсатында «Электрондық үкімет» порталында Шығыс құжатты басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде тізілімнен шығарылған мәліметтерді көрсетуді іске асыру туралы атап өтеміз. Алайда, жеке және заңды тұлғалардан анықтамалардың қағаз нысанын, әсіресе «Занды тұлғалар» мемлекеттік базасынан анықтамалар беру» қызметі бойынша басып шығарудың мүмкін еместігіне қатысты өтініштер келіп түседі.

Жоғарыда көрсетілген анықтаманың 10 кіші түрі бойынша ақпарат жалпыға қолжетімді болып табылады, яғни, ол ЭЦҚ-сыз (бір реттік пароль бойынша) тапсырыс бере алатын кез келген портал пайдаланушысына қарау режимінде қолжетімді.

Сонымен қатар, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама тізілімнен шығарылмаған, оны алу техникалық жағынан pdf-форматында қолжетімді.

Мемлекеттік қызметтер тізілімінен (бұдан әрі – МҚТ) шығарылған жекелеген мемлекеттік қызметтер бойынша мәліметтерді «электрондық үкімет» порталында шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде көрсету жүзеге асырылғаны туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз болмауы техникалық ақаудың салдарынан емес, азаматтар мен мемлекеттік органдардың арасындағы артық қағаз айналымын жою мақсатында жасалғанын азаматтарға түсіндірілді. Бұдан бөлек, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің 2020 жылғы 17 қазандағы №390/НҚ бұйрығымен (2020 жылы 21 қазанда № 21463 Әділет министрлігіне тіркелген) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есебі бойынша тұлғаның өкімшілік құқық бұзушылық жасауы туралы мәлімет беру» мемлекеттік қызметі оны толықтай автоматтандыруға және порталдың жеке кабинеті арқылы ұсынуға байланысты МҚТ алынып тасталған.

Бұл процесстің автоматтандырылуы Мемлекеттік корпорацияны және қызмет берушінің кеңсесін айналып өтіп, ЖСН бойынша онлайн режимде азаматтардың өкімшілік анықтамасын алуға мүмкіндік берді. Анықтама алу уақыты 3 жұмыс күнінен 15 минутқа дейін қысқарды. Бұдан бөлек, «Анықтаманы үшінші тұлғаман алу сервисі» және eGov mobile арқылы өкімшілік анықтаманы үшінші тұлғаман алу мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Бұдан басқа, көрсетілген ақпараттарды еркін қолжетімділікте «Өзіңнің айыппұлшыңды біл» атты қосымшадағы Комитеттің <http://qamqor.gov.kz> сайтынан алуға болады, өзінің ЖСН және жеке бас куәлігінің нөмірін енгізе отырып.

Бүгінгі күнде, біздің үш мемлекеттік қызыметімізді оңайлатып және жеделдетіп порталдан алуға болатын мүмкіндік жүзеге асырылған. «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толықтай автоматтандырылған. Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдау және нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады.

Жүргізілген бұл жұмыс азаматтардың сұрауларының көп бөлігін үйден шықпай, 10 минуттың ішінде алуға мүмкіндік берді.

Қызметті оңтайландыру аясында азаматтарға оны ұялы байланыстың абоненттік қондырғылары арқылы, яғни порталдың ұялы түрі арқылы алу мүмкіндігі ұсынылған.

Азаматтар үшін тағы да бір ыңғайлылық шет елге шығу үшін анықтамаға сұрауды электронды түрде беру мүмкіндігі, қағаз жүзінде алуға өтініш білдірген Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдай отырып. Бұрын сұрау тек қағаз жүзінде міндетті түрде Мемлекеттік корпорацияға барып жолданатын.

Порталда «Анықтаманы үшінші тұлғаман алу сервисі» көмегімен сұрау салған бастамашы өз бетінше егерде бұл тұлғаның келісімі болған жағдайда, басқа тұлғаға қатысты электрондық сұрау жолдай алады.

Электрондық анықтама алуға Мемлекеттік корпорацияның фронт-кеңсесіне азаматтарды жіберудің қажеті жоқ.

Анықтаманы «EgovKzBot» қосып Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алуға керектің барлығы - азаматтардың мобильді базасына тіркелуі.

Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы апостильмен беру бізге оны азаматтарға композитті беруге мүмкіндік берді, яғни, «бір өтініш» қағидаты бойынша. Бұл үшін композитті қызмет алуға өтінішті электронды түрде беру, электрондық үкіметтің төлем шлюзинің көмегімен онлайн режимде баж салығын төлеу, қағаз жүзінде нәтижені алу үшін, порталда Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Комитеттің қызметтерін 100% электрондық нысанға көшіру мақсатында, ҚР Әділет министрлігінің «Е-Апостиль» сервисін жүзеге асыру аясында апостиль қою бойынша қызметті толықтай автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық департаментінің архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/болмаса архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды (жартылай автоматтандырылған) және қағаз жүзінде көрсетіледі.

Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Қызмет» интеграцияланған ақпараттар жүйесі арқылы жеке және заңды тұлғалар өздері ала алатындары туралы түсіндірілді.

**Мәди ХАЙРБАЕВ,**  
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру аға прокуроры.



# АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЗИЯНКЕСТЕРІ

Ауылшаруашылығы зиянкестері — қолдан өсірілетін өсімдіктерді зақымдайтын не мүлдем құртып жіберетін жәндіктер мен жануарлар. Оларға омыртқасыз жануарлардан жұмыр құрттар, өсімдік қоректі кенелер, жәндіктер, жалаңаш шырындар және ұлулар, ал омыртқалы жануарлардан — құстар мен сүт қоректілердің кейбір түрлері (кеміргіштер) жатады. Зиянды жәндіктер мен кенелер қоректік заттарына байланысты монофагтар, олигофагтар және полифагтар болып 3 топқа бөлінеді. Монофагтар өсімдіктердің бір ғана түрімен немесе бір - біріне ұқсас бірнеше түрлерімен (бұршақтың дөңек қоңызы, таңқурай кенесі), олигофагтар өсімдіктердің бір тұқымдасына жататын көптеген түрлерімен (орамжапырақ тұқымдасының бүрге қоныздары мен қандалалары, түйнек бізтұмсықтары, дәннің сұр көбелегі), полифагтар өсімдіктердің көптеген түрлерімен (шегірткелер, шырылдақ қоңыздар, күздік көбелек) қоректенелінеді. Жәндіктер өсімдіктің ұлпасын, жапырақтарын, тамырын, жемістерін кеміріп немесе сорып бүлдіреді. Зақымдалған өсімдіктердің зат алмасу процесі өзгереді, өсуі, қор жинауы төтеледі немесе солып қалады. Көптеген зиянкес жәндіктер өсімдік ауруларын таратады. Кенелер ауылшаруашылығы дақылдарын сорып зақымдайды және қоймаларда астық, дән, ұн, кепкен жеміс, көкөніс өнімдерімен қоректенеді. Кенелердің кейбір түрлері індет таратады. Жұмыр құрттар, негізінен өсімдіктердің тамырымен қоректенеді. Солардың ішінде бүлдірген, қызылша, картоп нематодасы көп зиян келтіреді. Зиянкес кеміргіштер Қазақстанда өте көп таралған. Олар астық дақылдарын, көкөністер мен жеміс-жидектерді зақымдайды, қоймада сақталатын азық-түлік қорына шығын келтіреді, сондай-ақ, жұқпалы аурулар таратады. Ауылшаруашылығы өнімдері шығынының 20%-ы зиянкес кеміргіштер кесірінен болады. Ауылшаруашылығы зиянкестерімен күресу мәдени өсімдіктердің зиянкестерге төзімді сорттарын шығару, ауыспалы егісті қолдану, зиянкестерге қарсы биологиялық тәсілдерді (трихограмма, афелинус т.б.), микробиологиялық препараттарды, химиялық заттарды (акарицидтер, инсектицидтер, зооцидтер т.б.) қолдану арқылы жүргізіледі. Ауылшаруашылық дақылдары зиянкестерімен ауруларына қарсы агротехникалық, биологиялық, генетикалық, химиялық, механикалық, физикалық және өсімдіктер карантині деп аталатын күресу шаралары бар. Агротехникалық күресу шаралары. Агротехникалық шаралар мәдени өсімдіктерге қолайлы жағдай жасап, ал зиянкес ағзаларға және ауру қоздырғыштарға қолайсыз жағдай туғызады. Өсімдіктерді қорғайтын шаралардың ішінде өте маңыздылары: ауыспалы егістер, топырақ өңдеу жүйесі, тыңайтқыштарды қолдану, арамшөптермен күресу, егінді себу және жинау тәсілімен мерзімі. Ауыспалы егісте кейбір дақылдарды бірнеше жылдар бойы бір танапта егу арнаулы зиянкестердің және ауруларының көбеюіне әкеліп соқтырады. Мысалы, қатты бидайды қайталап бір танапта себу гүл кенесінің көбеюіне мүмкіндік тудырады. Тыңайтқыштарды қолдану — зиянкестер мен аурулармен тиімді үрес шараларының бірі. Мысалы, түйіршікті суперфосфатты шаш жалаңаш шырыштармен күресудің тиімді тәсілі. Осыған қоса тыңайтқыштар өсімдіктердің регенеративтік қабілетін арттырады. Топырақты өңдеу зиянкестерді тікелей құртуға немесе олардың сан мөлшері мен зиянды әрекетін

төмендетуге мүмкіндік береді. Өңделмейтін жерлер шегірткенің көбейтін орны. Бидайды көктемде кешіктіріп себу сұр көбелектің жұлдызқұрттарын азайтады. Ерте көктемде шағын крестгүлді бұршақтың қоңыздары крестгүлді арамшөптерде қоректеніп, содан соң мәдени дақылдарға зиян келтіреді. Сондықтан арамшөптермен күресті жүйелі жүргізу керек. Ауылшаруашылық дақылдары зиянкестермен зақымдануына төзімді сорттары да бар. Мысалы, қатты бидайдың кейбір сорттарына гессен шыбынының личинкалары зиян келтірмейді. Биологиялық күрес шаралары. Зиянкестер, аурулармен күресуде зиянкестердің табиғи жауларына: жыртқыш паразиттік тіршілік ететін насекомдар мен кенелер, нематодтар мен қарапайым жәндіктердің түрлері, сүтқоректілер мен құстар, ауру тудыратын бактериялар, вирустар мен саңырауқұлақтар жатады. Биологиялық күресте зиянкестердің табиғи жауларын мынадай негізгі тәсілдері бар: интродукция және аклиматизация, ареал ішінде тарату, маусымды отарлау, жергілікті этнофагтарды қорғау және оларды пайдалану. Генетикалық күрес шаралары. Өсімдік қорғаудың генетикалық немесе автоцидтік тәсілі зиянды ағза популяциясына сол түрдің тіршілікке қабілеттігі жоқ немесе бедеу особьтарының қатарына енгізуге бағытталған. Генетикалық шаралардың әр түрлі тәсілдері бар: химиялық заттармен және сәулемен залалсыздандыру, цитоплазмалық сыйыспаушылықты қолдану, пайдалану, диапаузасы болмайтын популяцияларды алу. Химиялық күрес шаралары. Химиялық препараттардың тиімділігі жоғары, оларды инсектицидтер деп атайды. Химиялық жолдың артықшылығы көбейіп кеткен зиянкестерді жоюға болады. Химиялық күрестің кемшіліктері де аз емес. Олар тек зиянкестерге ғана емес, сонымен қатар пайдалы ағзаларға, жануарлар мен адамдарға улы болады. Механикалық күрес шаралары. Бұл күрес көп қол еңбегін қажет етеді. Қызылшаның бізтұмсығымен күресу үшін танаптардың шетіне ор қазыды. Орға түскен зиянкестерді инсектицидтермен құртады. Алма жемісінің жұлдызқұрттарын ұстағыш белбеумен ұстайды. Физикалық күрес шаралары. Негізінен ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу кезінде қолданылады. Мысалы, қыстап шығатын дөңек қоңызын құрту үшін сақтау қоймадағы бұршақ тұқымын 10-11°C дейін салқындатады. Кейде дөңді тазарту үшін оны электр тогының жоғарғы жиілігімен немесе басқа әдіспен қыздырады. Зиянкестерді құрту үшін астықты және одан жасалынған өнімдерді кептіреді. Өсімдік карантині. Өсімдік зиянкестерін біздің елге әкелуінен және еніп кетуінен қорғауға, ал, карантиндік зиянкестер тарап кеткенде оларды жоюға бағытталған шаралар жүйесін іске асыру карантиндік міндетіне жатады. Карантин сыртқы және ішкі болып екіге бөлінеді. Интегралды күрес шаралары. Интегралды күрес химиялық, биологиялық, агротехникалық физикалық және басқа шараларды үйлестіріп қолдануды көздейді. Өйткені, қазіргі жағдайда жеке шаралар арқылы зиянкестермен күресу тиімсіз. Ауылшаруашылық дақылдарының күтіп - баптап өсіруде және оны сақтауда зиянкестерден қорғаудың маңызы өте зор. Сондықтан олармен күресу шаралары әлі де болса жетілдіре түседі.

**Е. УМУРЗАКОВ,**  
**ҚР АШМ АӘК МИК**  
**Ақсу аудандық аумақтық**  
**инспекциясының өсімдіктер**  
**карантині инспекторы.**

# Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер енгізілгенін хабарлайды

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік қызметтің 3 түрі көрсетіледі: соттылықтың болуы туралы анықтама, мұрағаттық анықтама және прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою туралы анықтама беру. Мемлекет басшысының мемлекеттік қызметті электрондық форматқа көшіру бойынша тапсырмасын іске асыру шеңберінде Комитет мемлекеттік қызметтің үш түрін автоматтандыру және оңтайландыру жөнінде бірқатар іс-шаралар жүргізді. Сонымен "Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру" мемлекеттік қызмет толық автоматтандырылды. Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесін беру [www.egov.kz](http://www.egov.kz) «Электрондық үкімет» веб-порталы (әрі қарай — портал) арқылы альтернативті түрде де, сонымен бірге анықтаманы қағаз үлгісінде алу қажет болған жағдайда Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады. Сонымен бірге, қызметтерді оңтайландыру шеңберінде азаматтарға жылжымалы жүйенің абоненттік қондырғысы арқылы, яғни eGov порталының мобильдік қосымшасы арқылы электрондық анықтама алу мүмкіндігі берілген. Азаматтарға арналған жаңа енгізулердің бірі Мемлекеттік корпорация филиалының мекенжайын таңдаумен шетелге шығу үшін анықтама алуға электрондық сұрау беру мүмкіндігі болып табылады, ол жерде қағаз түрінде жауап алуға болады. Бұрындары Мемлекеттік корпорацияға міндетті бара отыра қағаз варианты ғана жіберу мүмкін болатын. Электрондық анықтаманы «EgovKzBot» Telegram-бота көмегімен алуға болады. Анықтама алу үшін «Мобильді азаматтар базасына» (МАБ)

тіркелу қажет. Бұл үшін eGov.kz порталында Жеке кабинетке өзінің деректерін енгізу қажет. Анықтама алу үшін Telegram мессенджерді көшіру керек, «EgovKzBot» іздеу жолына енгізу, енгізу/қайта енгізу. Әрі қарай «Қызметтер» бағанында "Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру" атты сервисі таңдау, содан кейін азаматқа растау коды көрсетілген SMS — хабарлама келеді, қодты енгізгеннен кейін соттылықтың болуы немесе болмауы туралы ақпарат берілетін болады. Сондай-ақ, порталда электрондық анықтаманы ЭЦҚ қоймай-ақ «Бір реттік SMS паролінің сервисінің» көмегімен алуға болады. Сонымен қатар, порталда «Үшінші тұлғалармен анықтама алу сервисі» жүзеге асырылған. Енді, жұмыс берушілердің өздері он-лайн қызметін қолдана отыра «жеке кабинет» және (немесе) sms-расталу арқылы сұрау жіберілетін адамға қатысты, адамдардың келісім шарты болған кезде басқа адамдарға қатысты соттылықтың болуы немесе болмауы туралы электрондық сұрау жібере алады. Осындай қызметті алудың негізгі шарты МАБ-на тіркеу болып табылады. МАБ-не тіркелу үшін қызмет алушыға порталдағы «жеке кабинетте» «телефон» деген бағанда телефон нөмірін көрсету керек немесе оны ЖСН-ді Мемлекеттік корпорацияның кез келген фронт-офисіне тіркеу қажет. «Комитеттің және оның аумақтық бақсармаларының мұрағаттары шеңберінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжат көшірмелерін беру» мемлекеттік қызметі ішінара автоматтандырылған. Қызмет алуға үшін электрондық сауалдарды жіберу сервисі портал арқылы іске қосылды. Қазіргі уақытта қызметті портал арқылы немесе Мемлекеттік корпорация

арқылы тапсыруға болады. Қызметтің нәтижелерін Мемлекеттік корпорациясы арқылы ғана алуға болады. Қызмет көрсету мерзімі 30 күнтізбелік күннен 10 күнтізбелік күнге дейін қысқартылған. «Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылмаған, ол Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз түрінде көрсетіледі. Қызмет көрсету мерзімі 5 жұмыс күні. Прокуратура органдарынан шығатын апостиль қоятын құжаттардың 99% есепке ала отыра, соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтаманы құрайды, мынадай мүмкіндік іске асырылады:

- композиттік қызметке электрондық өтініш беру — соттылықтың болуы немесе болмауы туралы апостиль қойылған анықтама;
- мемлекеттік бажды он-лайн режимінде электрондық үкіметтің төлем шлюзі (ЭУ ТШ) арқылы төлеу;
- қызмет алушының филиалдың мекенжайын порталда таңдау.

Қызметтердің нәтижелерін қағаз түрінде алу үшін қызмет көрсететін Мемлекеттік корпорациялар.

Комитеттің қызметін электрондық форматқа 100% көшіру мақсатында, ҚР ӘМ «Е-Апостиль» сервисін іске асыру шеңберінде апостильдендіру бойынша қызметтерді электрондық форматқа толық көшіру жұмысы жүргізілуде.

**Али БАЛАБЕКОВ,**  
**ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық апаратын қалыптастыру прокуроры.**

## Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы жаңалықтар

Қолданыстағы еңбек заңнамасында сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдар үшін белгілі бір шектеулер қарастырылған. Квазимемлекеттік сектор ұйымына жұмысқа тұру кезінде адам сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екені туралы анықтама қысынуға міндетті. Қазір квазимемлекеттік ұйымдарға жұмысқа орналастыруды шектеу барлық лауазымдарға қолданылады, бұрын бұл шектеулер басқарушылық функцияларды орындауға байланысты лауазымдарға қатысты болатын. Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтерді беруді мемлекеттік қызметтер көрсету санатына ауыстырды. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қабылдануы және ұсынылуы [www.egov.kz](http://www.egov.kz) «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады. Қызметтің орындалу мерзімі 10 минут, қосымша

анықтамалық тексеріс жағдайында — 5 жұмыс күнді құрайды. Сондай-ақ, қызметкерлерге қатысты мәліметтерді алу үшін, олардың келісімі болған жағдайда «жеке кабинет» және (немесе) sms-расталу арқылы жұмыс берушілерге қолжетімді. Осындай қызметті мобильді азаматтар базасында тіркелген жағдайда ғана алуға болады. Мобильді азаматтар базасында тіркелу үшін көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияның кез келген фронт-офисіне жүгіну арқылы «электрондық үкімет» веб-порталының «Жеке кабинетіндегі» «телефон» бағанында телефон нөмірін көрсету немесе оны жеке сәуікестендіру нөміріне (ЖСН) байланыстыру қажет.

**Асхат ЖАҚСЫЛЫКОВ,**  
**ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Текелі, Ескелді және Көксу аудандарының аға прокуроры.**


**МӘМС-тегі жекедік санаттар**

Мемлекеттік қызметтерді алу үшін МӘМС-тегі жекедік санаттарды таңдау керек. Санаттарды таңдау үшін МӘМС-тегі жекедік санаттарды таңдау керек.

**ТМҚКК ЖӘНЕ МӘМС: дәрі-дәрмек алу**

Мемлекеттік қызметтерді алу үшін ТМҚКК ЖӘНЕ МӘМС: дәрі-дәрмек алу үшін таңдау керек.

**Мен МӘМС туралы не білемін?**



Бізді Telegram-нан іздегіз

@medinform\_fms

@SaqtandyryBot

Call center 1414



**ХАБАРЛАНДЫРУ!****ОБЪЯВЛЕНИЕ!**

1). Жобаның атауы: «Жетісу облысы, Ақсу ауданында орналасқан "№4 учаске" құрылыс топырағының кен орнын рекультивациялау»;

2). Аумағына ықпал етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі (егер тыңдаудың бір нысанасы бойынша қоғамдық тыңдаулар біреуден артық әкімшілік-аумақтық бірлікте өткізілсе): Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Егінсу ауылдық округі. Әсер ету учаскесі мен аумағының географиялық координаттары: С.Е. 45° 34' 46,18", Ш.Б 78° 33' 42,98";

3). Қоғамдық тыңдауларды өткізудің орны, күні және басталу уақыты. Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін: Мекен-жайы: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Егінсу ауылы, Садақбай Жақаев көшесі, 3. Онлайн қосылу сілтемесі: Конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mfL. Өткізу күні: 27.03.2024ж., уақыты 15:00;

4). Белгіленіп отырған қызмет бастамашысының деректемелері және байланыс деректері: "ЖОЛ" ЖШС, БСН 041140004530, мекенжайы: Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарғалы ауылы, Геология көшесі, 129а. Тел.: 8777793888, too\_zhol@mail.ru.

5). Ықтимал әсерлер туралы есептерді құрастырушылардың немесе стратегиялық экологиялық бағалау бойынша есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын, тиімділікті арттыру бағдарламаларын, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері: Әзірлеуші ЖК "Құрманғалиев Р.А.", ЖСН 830514301679, мекен-жайы: Талдықорған қаласы, округ Қаратал, 7 үй, 8 пәтер, телефон: 87012775623, e-mail: rufat.taldyk@mail.ru.

6). Бірыңғай экологиялық порталға және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органының ресми интернет-ресурсына сілтеме жасау, ол бойынша қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен, ал кейін қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасымен танысуға болады: esportal.kz. Ұсыныстармен ескертулер esportal.kz сайтында қабылданады. <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural/activities/directions?lang=ru>

7). Көзделіп отырған қызмет, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ, көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұратуға болатын электрондық мекенжайы мен телефон нөмірі (- лері): телефон: 8777793888, too\_zhol@mail.ru.

8). Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша жұртшылық пен мүдделі жұртшылық өздерінің ескертулері мен ұсыныстарын жазбаша немесе электрондық нысанда жібере алатын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының электрондық мекенжайы мен пошталық мекенжайы: "Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы" ММ, 7su\_expertiza@mail.ru. Тел.: 8(7282) 32-92-67, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

1). Наименование проекта: «Рекультивация месторождения строительного грунта «Участок №4» расположенный в Аксуском районе области Жетісу»;

2). Список административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания (если общественные слушания по одному и тому же предмету слушаний проводятся более чем в одной административно-территориальной единице): область Жетісу, Аксуский район, Егінсуский с/о. Географические координаты участка и территории воздействия: С.Ш 45° 34' 46,18", В.Д 78° 33' 42,98".

3). Место, дата и время начала проведения общественных слушаний. Срок проведения открытого собрания может быть продлен до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний: Адрес: область Жетісу, Аксуский район, с.Егінсу, ул.Садақбай Жақаев, 3. Ссылка на онлайн подключение: Идентификатор конференции: 236 019 1471, Код доступа: jD3mfL. Дата проведения: 27.03.2024г., время 15:00.

4). Реквизиты и контактные данные инициатора намечаемой деятельности: ТОО «ЖОЛ», БИН 041140004530, адрес: Алматинская область, Жамбылский район, с. Каргалы, ул. Геология, 129А. Тел.: 8777793888, too\_zhol@mail.ru.

5). Реквизиты и контактные данные составителей отчетов о возможных воздействиях, или внешних привлеченных экспертов по подготовке отчетов по стратегической экологической оценке, или разработчиков документации объектов государственной экологической экспертизы, программ повышения эффективности, планов мероприятий по охране окружающей среды: Разработчик ИП «Курманғалиев Р.А.», ИИН 830514301679, адрес: г.Талдықорған, мкр. Каратал, д.7, кв.8, тел.: 87012775623, e-mail: rufat.taldyk@mail.ru.

6). Ссылка на Единый экологический портал и официальный интернет-ресурс местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (областей, городов республиканского значения, столицы), по которой можно ознакомиться с материалами, выносимыми на общественные слушания, а после и с опубликованным протоколом общественных слушаний: esportal.kz, Предложения и замечания принимаются на сайте esportal.kz. <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural/activities/directions?lang=ru>

7). Электронный адрес и номер(-а) телефона, по которому можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности: телефон: 8777793888, too\_zhol@mail.ru

8). электронный адрес и почтовый адрес уполномоченного органа в области охраны окружающей среды или местного исполнительного органа областей, городов республиканского значения, столицы, по которым общественность и заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения в письменной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания и по опубликованному протоколу общественных слушаний: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», 7su\_expertiza@mail.ru. Тел.: 8(7282) 32-92-67, г. Талдықорған, ул.Кабанбай батыра, 26.

27.02.2024 ж. бастап 5 күн жұмыс ішінде БЭП сайтында <http://esportal.kz> / Жетісу облысы Ақсу ауданы, Көлтабан ауылында орналасқан "ЖОЛ" ЖШС өндірістік базасы үшін "Қоршаған ортаны қорғау" бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: "ЖОЛ" ЖШС, БСН 041140004530, мекен - жайы: Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарғалы ауылы, Геология көшесі, 129 "а". Тел.: 8777793888, too\_zhol@mail.ru. Жоба материалдарымен esportal.kz сайтында танысуға болады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: Р.А. Құрманғалиев, ЖСН 830514301679 тел.: 87012775623, тел. 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Ұсыныстар мен ескертулер esportal.kz сайтында қабылданады.

"Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы" ММ 7su\_expertiza@mail.ru. Тел.: 8(7282) 32-92-67, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26 мекен-жайы бойынша қабылданады.

С 27.02.2024 г. в течении 5-ти рабочих дней на сайте ЕЭП <http://esportal.kz/> проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» для производственной базы ТОО «ЖОЛ» расположенного в с.Колтабан Аксуского района области Жетісу.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «ЖОЛ», БИН 041140004530, адрес: Алматинская область, Жамбылский район, с.Каргалы, ул. Геология, 129 "А". Тел.: 8777793888, too\_zhol@mail.ru. Ознакомится с материалами проекта можно на сайте esportal.kz.

Разработчик экологического проекта ИП «Курманғалиев Р.А.» тел.: 87012775623, ИИН 830514301679, тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Предложения и замечания принимаются на сайте esportal.kz, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», 7su\_expertiza@mail.ru. Тел.: 8(7282) 32-92-67, г.Талдықорған, ул. Кабанбай батыра, 26.

27.03.2024 г. в 11:00 часов, по адресу: область Жетісу, Аксуский район, с.Кошкентал, ул. Женис Мерекеси 71 будут проводиться общественные слушания по проекту «Рекультивация месторождения строительного грунта «Участок №2» и «Участок №3» расположенный в Аксуском районе области Жетісу».

Ссылка на подключение Зум видео конференции: Идентификатор конференции: 236 019 1471, Код доступа: jD3mfL. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «ЖОЛ», БИН 041140004530, адрес: Алматинская область, Жамбылский район, с.Каргалы, ул. Геология, 129 "А". Тел.: 8777793888, too\_zhol@mail.ru. Ознакомится с материалами проекта можно на сайте esportal.kz.

Разработчик экологического проекта ИП «Курманғалиев Р.А.», ИИН 830514301679, тел.: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Предложения и замечания принимаются на сайте esportal.kz.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», 7su\_expertiza@mail.ru. Тел. 8(7282) 32-92-67, г. Талдықорған, ул.Кабанбай батыра, 26.

27.03.2024 жылы, сағат 11:00-де Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Көшкентал ауылы, Жеңіс мерекесі көшесі, 71 мекен-жайы бойынша «Жетісу облысы, Ақсу ауданында орналасқан "№2 учаске" және "№3 учаске" құрылыс топырағының кен орнын рекультивациялау» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео конференцияға қосылу сілтемесі: Конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mfL. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: "ЖОЛ" ЖШС, БСН 041140004530, мекенжайы: Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарғалы ауылы, Геология көшесі, 129а. Тел.: 8777793888, too\_zhol@mail.ru. Жоба материалдарымен esportal.kz сайтында танысуға болады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: Р.А. Құрманғалиев, ЖСН 830514301679, тел.: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Ұсыныстар мен ескертулер esportal.kz сайтында қабылданады.

"Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы" ММ 7su\_expertiza@mail.ru. Тел.: 8(7282) 32-92-67, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

**101 ХАБАРЛАЙДЫ!****ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ:****Өрт шыққанда не істеу керек?**

Өрт шыққанын білгенде... Өрттің ауқымы кішкентай болса, крандағы сумен, болмаса қалың дымқыл матамен өшіруге тырысыңыз;

Өрт ауқымды болса, 101 нөміріне хабарласып, өрт шыққан мекен-жайды, ненің қалай жанып жатқанын айтыңыз. Өзіңіздің атыңыз бен нөміріңізді де беріңіз. Ол өрт сөндірушілерді күтіп алып, өрт ошағына жедел апаруға керек. «Менен де басқалар хабарласқан шығар» деп отыруға болмайды;

Ғимараттағы барлық тоқ көздерін ажыратып, газ құбырларын жабыңыз;

Егер өрт көп қабатты ғимараттың төменгі қабатында шықса, ғимараттың жоғарғы қабатына немесе төбесіне шығып, көмек құту керек;

Далаға шығу жолдарында от болмаса, тез арада ғимаратты тастап шығыңыз;

Өрт шыққан аумақтан өту үшін синтетикалық киімдерді шешіп, орнына жүн немесе мақтадан тігілген киім кию керек. Киімдерді сулап,

басыңызға ішік, жейде, орамал сынды қалың дымқыл жамылғы жабыңыз. Дәл осылай мұрныңыз бен ауызыңызды да жабу керек. Ол түтіннен уланып қалудың алдына алады;

Есіктерді қатты жабыңыз. Себебі от оттегі келіп, жел соққан сайын өрши түседі; Түтіннің арасынан еңкейіп, тізерлеп немесе бүк түсіп өту керек;

Пәтерден шықпас бұрын есіктің ар жағында оттың бар-жоғын тексеріңіз. Ол үшін есікке жақын барып, оның тұтқасы сияқты металды жерлерін ұстап көріңіз. Ол ыстық болса, есікті ашпаңыз. Керісінше, есіктің саңылауларын дымқыл матамен бітеп тастаңыз. Есіктің бер жағына су шашыңыз; Ауыз-мұрныңызды дымқыл матамен жауып, пәтердегі барлық адамдарды балконға алып шығыңыз. Балкон болмаған жағдайда, терезені ашып, сырттағыларға белгі беріңіз. Олардың сізді

естігеніне сенімді болсаңыз, барлық адамдарды алып, жуыну бөлмесіне кіріп, есігін ішінен мықтап жабыңыз. Ол жерде суды ағызып, үстілеріңіздегі барлық киімді сулау керек. Сол жерде көмек күтіңіз; Өрт шатырда немесе жертелде шықса, өрт сөндірушілерді шақырып, олар келгенше өрт шыққан аумаққа апаратын есік-терезелерді, люктарды жауып тастау керек; Өрт шыққан үйден адамдардың эвакуациялау кезінде балалардың төсектің астына, серелер мен қуыстарға тығылып қалатынын естен шығармаңыз.

Не істеуге болмайды?

Киіміңізге от тигенде жүгірмеңіз. Ол оттың одан сайын өршуіне әкеледі. Одан да киімді шешуге тырысу керек, болмаса еденге жатып аунау керек. Егер жаныңыздағы адамның киімі жанып жатса, оны өшіру үшін үстіне дымқыл мата жабыңыз; Терезелерді ашып,

түтінді шығаруға болмайды. Таза ауа отты өршітеді; Лифтті қолданбаңыз. Өрт кезінде электр тоқтары өшірілетін болғандықтан, лифт кез келген жерде тоқтап қалуы мүмкін; Қорқынышқа бой алдырып, жоғарғы қабаттан секіруге болмайды. Зардап шеккендерге алғашқы көмек

103 нөміріне хабарласып, жедел жәрдем шақырыңыз; Күйік алған адамдардың үстіндегі киімін шешуге болмайды. Күйген жеріндегі киімін қиып, теріге жабысқан күйі қалдыру керек. Күйікті спирттелген немесе марганец ерітіндісіне батырылғын матамен жабады; Өте үлкен күйікке шалдыққан адамды үлкен матаға немесе төсек жаймасына орап, ыстық сусын беріп, жылылау керек;

Түтінге уланған адамды таза ауаға алып шығу қажет.

Өрттің алдын алу үшін: Үйде темекі шекпеңіз. Толық сөндірілгеніне көзіңіз жетпей те-

резеден лақтырмаңыз; Тамақ істеп жатқанда газ плитасын қараусыз қалдырмаңыз;

Электр тоғы мен газ құбырларын үнемі тексеріңіз. Қандай да бір ақау барын байқасаңыз, бірден арнайы мамандарға хабарласыңыз;

Өртке арналған сатылар мен төтенше жағдайда шығатын есіктерді жаппаңыз;

Өрт сөндіргішті қолданып үйреніңіз және оны отбасыңыздың мүшелеріне де көрсетіңіз. Себебі, өрт шыққанда оның нұсқаулығын оқып тұруға уақытыңыз болмайды;

От жағуға арналған сіріңке, оттықтарды балалардың қолы жетпейтін жерге қойыңыз; Балаларыңызға Төтенше жағдайлар жөніндегі қызметтің нөмірлерін жаттатыңыз;

Өрт сөндірушілер - 101;

Полиция - 102;

Жедел жәрдем - 103;

Газ апатынан құтқару қызметі - 104;

**Талғат ЗЕЙНОЛДАНОВ,**  
**Ақсу ауданының ТЖБ бас маманы, азаматтық қорғау майоры.**



Еңбегің еленсін



да. Аз уақыттың ішінде бала жанының бағбаны болып жігерлерін қамшылап шабыттандыра білді. Баланың жүрегіне тіл қатып үңіле алмаған ұстаз, миына білім құя алмайды. Көңілі тасыған баланың мектепке баруға деген ықыласы ерекше. Бұл ұстаздың ерен еңбегі. Еліміздің келер күнгі келбетін, бүгінгі заманның талап етіп отырған мамандарын дайындап шығару бастауыштан басталады. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын», - деген оқушының жауапкершілік сезімдерін оятып, оқуға деген құлшынысын арттырып, алға ұмтылуға бейімдей алды. Осындай ұлы істің, қызығы мен шыжығы мол мамандықтың иесі болып, оның нәтижесімен бала санасын сәулелендіре алған мұғалімнің еңбегі елеусіз қалмайды. Оқушы сабақ үстінде тек тыңдаушы ғана болмай, әрекет үстінде жүрсе, білімдері нәтижелі болары айтпаса да белгілі.

Өркім мұғалім мамандығын оқи алады, бірақ нағыз ұстаз болып қалыптасу оның білімінің деңгейін көрсетеді. Себебі, аузынан ана сүті кеппеген, оңы мен солын тани білмеген баланың көңілінен анасындай орын ала білген ұстаз ғана ұлағатты деуге лайықты.

Сондай ұстаздың бірі Қ.И.Сәтбаев атындағы орта мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі Қызайбаева Жәмиля Естайқызын ерекше атап өткізіміз келіп отыр. Бастауыш сынып оқушыларын 3 сыныптың 3 тоқсанынан бастап алса да, аз уақыттың ішінде әрбір баланың жүрегіне жол таба білді. Педагог шеберлігі ең алдымен баланың ішкі дүниесіне үңіліп, әр баланың мінезіне қарай шабытын ашу-

Алдында отырған баланы тек оқушы ғана демеі жақыным деп жақсы көрсе болашағының нағыз бағыттаушысы болары сөзсіз.

«Еңбегің еленсін», - деп бата алған ұстаз Сіз боларсыз. Мейірімді бейнеңіз әрбір шәкіртіңіздің риясыз көңілінде мәңгілік сақталып, ата - аналардың ризашылығын ала беріңіз.

**2024 ЖЫЛҒЫ ТҮЛЕК АТА-АНАЛАРЫНЫҢ АТЫНАН.**

"Aqsu, book fest - 2024" кітап жәрмеңкесі

Ақсу ауданындағы аудандық кітапханасының ұйымдастыруымен 6-7 ақпан күндері "Aqsu, book fest - 2024" кітап жәрмеңкесі өтті. Оқырмандардың кітапқа деген қызығушылығын арттырып, кітап мәдениетінің дамуына серпін беру, оқырман мен автор арасындағы байланысты нығайту мақсатында өткен шара биыл Жансүгір ауылында алғаш рет ұйымдастырылып отыр. Шара барысында оқырмандар кітап әлемімен ғана танысып қоймай, тағылымды бағдарламаны да тамашалады.

Кітап жәрмеңкесіне Алматы, Талдықорған қалаларынан арнайы келген баспа үйлерінің кітаптарымен ауыл тұрғындары танысты. Аталған іс - шара аудандық кітапханада және үш бірдей алып тұлғалардың есімімен аталған Қ.Сәтбаев, Ж.Сыдықов, Е.Сықымов атындағы мектептерде жалғасын тапты.

Екі күнге жалғасқан шара барысында ауданымыздың зиялы қауымы, ауыл тұрғындары, ұстаздар, оқушылар жалпы 700-ге жуық оқырман қатысып, 200 данаға жуық кітап сатылды. Жәрмеңкеге Алматы қаласынан «ZIYAT» баспасы, Талдықорған қаласынан «Мазмұндама», «Марфу-пресс» баспасы, «Байлық кітапта», «Кітап кемелдену» кітап дүкендері: қазақ көркем, балалар, шетел әдебиеті, ғылыми-танымдық, рухани, психология және бизнес, мотивациялық т.б. тақырыптағы жалпы саны 800-



ге жуық кітаптарды сөреге қойып, қол жетімді бағада кітаптарын келушілердің назарына ұсынды.

Кітап жәрмеңкесінің ашылу салтанатына аудан әкімінің орынбасары Дәулетбекова Күләйхан Тұрсынбекқызы алғы сөзін айтып, Ақсақалдар алқасының төрағасы Амантай Айтбайұлы, "Матай - Бөрібай" батыр қорының төрағасы Қасымов Берікбол, ақын Ербол Оразбеков ағаларымыз қатысып ізгі тілектерін жолдады. Сондай-ақ, жерлес ақынымыз Батқалбек Нұртілеу ағамыздың «Арасаным ардағым» атты кітабының тұсауы кесілді.

Шара барысында «Кітапханаға кітап сыйла» акциясының бойынша ақын Е.Оразбеков «Өлеңім менің өмірім», Б.Қасымов «Бөрібай батыр», «Есімі ұранға айналған»,

«Бөрібай батыр-тарихи тұлға», зерттеуші Ерден Нұрахмет «Біржан мен Сара айтысы» т.б. ақын-жазушылардың кітаптары жалпы 100-ге жуық кітаптарын кітапхана қорына сыйға тұту етті.

Жазушы Әбіш Кекілбаев «Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана», - дегендей кітаптың құдіреті мен мәртебесі қашанда ерекше. Осы орайда игі шарамызға келіп қатысқан барша оқырмандарымызға алғысымызды білдіріп, кітапханаға келіп, кітап оқуға шақырамыз.

**Шолпан СҮЛЕЙМЕНОВА,**  
аудандық кітапхана директорының орынбасары.



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлық қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбай-

лас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде.

Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын,

заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Ақсу ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі де осы сыбайлас жемқорлықты болдырмау үшін, алдын алу шараларын ұдайы қадағалап, жүргізіп, жоспарлы түрде іс шаралар атқарып отырады.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

**Д.КИРГАБАКОВ,**  
ауданның Қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, майор.

Тіл - ең асыл құндылық!

Тілді өркендету - баршаның ісі. Тіл - тек қарым - қатынас құралы емес, ұлтымыздың биік тұғыры. Бұл ретте біздің мемлекетіміздің тілге деген жанашырлығы басым. Мемлекет басшысының жыл сайынғы халыққа жолдауында да басым бағыттарының бірі - «мемлекеттік тілді» жан - жақты дамытуға бысты назарда ұстап келеді. Қоғамда қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесін нығайту еліміздің саясатының басты басымдығы болып қала береді. Қоғамда, мемлекеттік қолдау мүмкіндігі жоғары салаларда қазақ тілінің қолданыс аясы едәуір кеңейіп келе жатыр деп айтуға толық негіз бар. Қазіргі қоғамымызда жастардың белсенділігі жоғары. Жастарға баса назар аудару арқылы тіл саясатын жүргізу мол жемісін береді деп ойлаймын.

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері төл тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып, қолданыс өрісі кеңейді. Қазіргі таңда өнер, әдебиет, мәдениет, баспасөз, радио, теледидарымыз 90 жылдарға қарағанда әлдеқайда «қазақша сайрап тұр» десек болады. Бұл біздің мемлекеттік тіліміздің мәртебесінің асқақтағаны. Яғни, барлық мүмкін болар оңды - солды жағдайды жете бағамдай отырып жүргізілген мемлекеттік тіл саясатының нәтижесі. Қазіргі жаһандану кезеңінде еліміздің ақпараттық кеңістігін әлемдік стандарттарға сай кеңейте



отырып, мемлекеттік тілді ұлттық қауіпсіздіктің маңызды бір нысаны ретінде жетілдіруді және қорғауды қамтамасыз еткеніміз абзал. Қазақстандағы тіл саясатының көпұлтты мемлекетіміздің тұрақты дамуына ізгілікті қызмет етіп отырғандығы қуантады. Сонымен бірге әр ұлт өкілдерінің қазақ тілін білуге талпынуы қуантатын жағдай.

«Ана тілі» дегеніміз - сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады», - деп Ғ.Мүсірепов айтқандай елдің болашағын, тілдің болашағын сақтау баршаның міндеті.

**Ж.АЛШЫНБАЕВА,**  
аудандық орталық кітапханасының кітапханашысы.

<p>Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.</p> <p>Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.</p>	<p><b>БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:</b> Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімшілік үйінде</p> <p>Тапсырыс 488 Осы шығарылымның таралымы 2501</p>	<p>Директор - бас редактор - 2-12-90, жауапты хатшы - 2-12-90.</p> <p>Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz</p> <p>Индекс: 65750 Офсеттік басылым көлемі 26 т.</p>
--	---	---

**"АҚСУ Өңірі"**  
Меншік иесі - ЖШС  
"Ақсу өңірі" газеті"  
Құрылтайшы, директор -  
бас редакторы  
**ҚАСЫМБЕКОВА**  
ЛӘЗЗАТ  
**ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ**

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г